

У.О. Оралбаев¹, А.Б. Тлеубек^{1}*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тіліндегі баспасөздеріндегі этникалық тақырыптарды беру ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар оның ақпараттық қызметтеріне де талдау жасалған. Соның ішінде мемлекеттік баспасөз құралдарының бүгінгі жай-күйіне баса назар аударылған. Осы арқылы көпұлтты саналатын Қазақстандағы басылым беттеріндегі негізгі тақырыптарындағы ерекшеліктері, қызметтерінен бөлек, оның қоғамдық санаға қаншалықты дәрежеде әсер ете алатындығы жөніндегі зеттеулер мен деректерге салыстырмалы түрде талдаулар жасауды жөн деп санадық. Сонымен қатар, бұл тақырыптардың көтерілу негіздеріне де ерекше назар аударып қана қоймай, оның журналистиканың жанрлық және ақпараттық типтеріне қосқан үлесін бағамдаймыз. Аталған тақырыпта зерделеу нәтижесіне этникалық тақырыптарда жазылған басылым өнімдерінің қоғам санасына қалай әсер ететіндігінен бөлек, біздің өмірімізге айқындық беруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: журналистика, этника, этникалық мәселе, ақпарат тарату, публицистика, жанр, қоғамдық сана.

U.Oralbaev¹, A.Tleubek^{1}*

*¹Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan*

ASPECT OF COVERAGE OF ETHNIC ISSUES IN THE KAZAKH PRESS

Abstract

The article analyzes not only the peculiarities of the transmission of ethnic themes in publications in the Kazakh language, but also its information activities. In particular, the emphasis is placed on the current state of the state press. Thus, we considered it expedient to conduct a comparative analysis of the data and critical comments on the peculiarities of the main topics on the pages of the publication in multinational Kazakhstan, as well as on the degree of its influence on public consciousness. In addition, we not only pay special attention to the basics of raising these topics, but also evaluate his contribution to genre and information types of journalism. The study of this topic will allow us to give clarity to our lives, in addition to how the products of the publication written on ethnic themes affect the consciousness of society.

Keywords: journalism, ethnicity, ethnic problem, dissemination of information, journalism, genre, public consciousness.

У.О. Оралбаев¹, А.Б. Тлеубек^{1*}

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

АСПЕКТ ОСВЕЩЕНИЯ ЭТНИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ В СРЕДСТВАХ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

Аннотация

В статье проанализированы не только особенности передачи этнических тем в изданиях на казахском языке, но и его информационная деятельность. В том числе акцент сделан на сегодняшнем состоянии средств государственной прессы. Тем самым мы посчитали целесообразным провести сравнительный анализ данных и критических замечаний по особенностям основных тем на страницах издания в многонациональном Казахстане, а также по степени его влияния на общественное сознание. Кроме того, мы не только уделяем особое внимание основам поднятия этих тем, но и оцениваем его вклад в жанровые и информационные типы журналистики. Изучение данной темы позволит придать ясность нашей жизни, помимо того, как продукты издания, написанные на этнические темы, влияют на сознание общества.

Ключевые слова: журналистика, этника, этническая проблема, распространение информации, публицистика, жанр, общественное сознание.

КІРІСПЕ

Қазақ тілді басылымдарда проблемалық мәселелерді таныстыру немесе жариялау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Оған бір мемлекетте тұратын қоғамның да тарапынан болатын өзгерістерге де баса назар аударыды талап ететінін де шындық. Осы арқылы біз қазақ басылымдарында этникалық мәселелердің жариялану ерекшеліктерін алғышарт етіп қана қарастырмай, сонымен бірге басқа да ерекшеліктеріне назар аударуды мақсат етіп отырмыз. Қазақ баспасөзіндегі теле және баспа өнімдерінің өзіндік ерекшеліктерін ескерсек, этникалық мәселелердің көтерілуі мен оны шешу жолдарын да барынша ашып көрсету керек екендігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде қазақ журналистикасының жанрларының ішінде жекелей мәселелік жаңа типтің пайда болуына мұрындық болары сөзсіз. Себебі, қазіргі уақытта баспада, радиода немесе телеарналар мен электронды басылымдарда этникалық мәселелердің көтерілу ерекшеліктерін қарастыра алуымыз керек деп санаймыз. Мақалада сол үшін де этникалық проблемаларды көтерумен қатар, ақпараттық жанрда жарық көрген мақалалардың мәні мен маңыздылығына да баса назар аудару керек екендігі қарастырылды.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада методологиялық жағынан ғылыми жүйелілік пен салыстырмалы талдауларға негізделген. Әрі қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жазылды. Қазақ тілді басылымдардың ерекшеліктері мен жаңалықтарды беру жағдаяттарына байланысты ақпараттық жанрдың салыстырмалы әдіс негізінде зерттеу жүргізілді. Мақалада зерттеулерді арнайы тақырып арқылы топтастырып, оны журналистика саласындағы өзіндік қолтаңбасын қалыптастыру мәселесі төңірегінде талқыланды. Осы арқылы қазақ тілді басылымдардың өзіндік қолтаңбасы мен жекелеген ерекшеліктеріне қарай желекей зерттеуге мұрынды болары анық. Бұл мақалада басылымдардағы тақырыптар арқылы зерттеу де сараланды.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстанда журналистика саласында медиаконфликтологияны желекей сала ретінде қарастырмайды. Себебі, оны тек қана ақпараттық жанр немесе саясаттаудың бір саласы ретінде ғана қарастырады. Бұл өз кезегінде Қазақстан тәуелсіздік алған соң да өзекті мәселелердің бірі ретінде қала берді. Бұл әсіресе қазіргі уақыттағы әлемдегі болып жатқан жағдайларды ескерсек,

қазіргі уақытта көтеріліп отырған мәселелерге барынша назар аударып, дұрыс жолға салуға тырысу керек. Себебі, қазақ басылымдарының өзіндік қолтаңбасынан бөдек, дәл осы саладағы ғылыми жаңалықтардың шынымен де рас немесе жалған екендігін ажыратып алу маңыздылығы артып отырғаны жасырын емес.

Осы орайда конфликтологияның өзіндік ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар қатарында А.Нерсиян және С.Сергеев секілді ғалымдардың іргелі еңбектерін басшылыққа алдық. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанан соң, көп ұлтты мемлекеттің біріне айналды. Себебі, қазақ жеріне Кеңес заманында басқа ұлт мен ұлыс өкілдерін күштеп қоныс аудартқанның нәтижесі [1, 110 б.]. Осы арқылы біздің жерімізді достық пен ынтымақтастықтың ортасына айналды. Алайда жұмыр басты пенде болған соң, міндетті түрде күнделікті өмірде адам белгілі бір мәселелермен ұшырасатыны белгілі. Дәл осындай сәтте кез келген деректер мен дәйектердің өзіндік қасиеттерін барынша дұрыс беруден бөлек, біздің өмірімізге қаншалықты орын алатындығын көрсетті. Осылайша біздің заманымызға дейінгі ақпарат алмасудың өзіндік ерекшеліктері мен қасиеті дәстүрлі басылымдардан едәуір өзгергендігін қарастыра отырып, зерттеліп, зерделенді.

Қазақстанның ұлтаралық қатынастары негізінде көптеген саяси зерттеулерге жол ашты. Алайда бұл жағдай көбіне 2000 жылдардан ары қарай жолға қойылып, зерделене бастады. Осы арқылы сарапшылар қазақ елінің болағашағы мен келешегін саралауға бағытталған еңбектер жазыла бастады. Сонымен қатар, Қазақстандағы этникалық басқарудың өзіндік модельдік үлгісінің қалыптасуна себепші болды. Қазақстандағы дәл осындай жағдайлар арқылы баспа беттеріндегі берілу жоларын қарастыра аламыз. Бұл журналистика мен саясаттану саласының арасындағы байланыстың бар екендігін көрсетеді. Осылайша басылымдардың ақпарат таратудың өзіндік ерекшеліктері мен проблеманы көрсетудегі басымдықтарын толығымен ашып көрсетіп қана қоймай, оны зерттеп, саралаудың жаңа деңгейін көрсетеді.

Этнос аралық мәселелерді көтеруде басылымдардың өзіндік ақпарат беру ерекшеліктеріне де баса назар аудару керек. Себебі, қазіргі таңда ақпарат таратудың өзіндік ерекшеліктерінің болуын да қарастырады. Осы арқылы журналистиканың жанрлары немесе типтерінің қасиеттерін салыстырып, оның басқа да өзгерістеріне байланысты екендігін анықтай аламыз.

Қазіргі таңда ақпарат таратудың басты өзегі – кеңістікте болып жатқан оқиғаларға арқа сүйейді. Сол оқиғаның негізгі ерекшеліктеріне саяси-әлеуметтік, қоғамдық және мәселелік тақырыптарды қамтамасыз етіп, оның шешілу жолдарына бағытталады. Бұл өз кезегінде журналистиканың дамуы мен оның ілгерлеуіне мұрындық болады. Осы арқылы кез келген деректердің нақты аражігін ажыратып қана қоймай, қоғам тарапынан басқа да ерекшеліктеріне баса назар аударуға шақырады. Бүгінгі таңда ақпаратқа оңай қол жеткізу арқылы кез келген тарихи оқиғаның тарихтың қатпарында ұмыт болып қалмай, ақпарат алаңында да ерекше қоғам мәйегімен еске сақталады. Осылайша, ақпарат арқылы да біздің өмір сүріп отырған қоғам да тарихтың бір бөлшегіне айналады. Осының негізінде болашақта басқа да ғалымдар тарихтың кей ерекшеліктері бойынша бөліп саралайды.

Қазіргі таңда этнос аралық мәселелерді тек саясаттану ғылымының өкілдері ғана емес, сонымен қатар журналистика және ақпарат саласының өкілдері мен сарапшылары зерттеп, талдау керек [2, С.34]. Себебі, журналистика қоғамға ой қозғаушы негізгі қызметті атқарып, саралайтындықтан таралып жатқан ақпараттың негізгі қызметтерін де қарастыру артық етпейді. Этнос аралық өзара мәселелер тек сол ұлт немесе ұлыс өкіліне ғана емес, сонымен қатар, толық мемлекеттің де басты мәселесі ретінде қарастырылуы керек. Бұл өз кезегінде басқа да өзара түсініспеушілікті басып қана қоймай, соның нақты нәтижесін де толық ашып көрсетіп бере алады. Тіпті кей мәліметтердегі деталь мәселесін де ашып көрсету мен оның нақты көрсерткіштерінің де қорытындысын көрсе алу қасиетіне ие екендігін айта кетуіміз керек.

Жоғарыда аталған мәселелер тек бір ғана еңбекке немесе бір ғана зерттеуге байланысты болып қалары міндетті емес. Осы тақырыпқа жиі ғылыми еңбектер жазылып, осы тақырыптар бойынша журналистерге арналған көмекші құралдардың санының өте аздығы көңілге қаяу салатыны да жасырын емес. Себебі, бұл көмекші құралдар арқылы ақпарат айдынында жүрген

журналистердің еңбектерінің бағаланып қана қоймай, журналистің бас амандығы үшін де керек деп санаймыз. Ғалымдардың еңбектерін қарастыра отырсақ, олардың барлығы да тек саясаттану немесе конфликтология саласына ғана қалам тербеп, журналистика жанрлары мен пішімдері ұмыт қалатындығын аңғартты. Әрине, ол да дұрыс шығар?! Алайда, дәл осы тақырыптарға ақпарат таратып жүрген журналистердің қызметі мен олардың жанкешті еңбектерінің еленуі, журналистердің оқиға орнынан ақпарат таратуға қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек екендігін баса айта кетуіміз керек.

НӘТИЖЕЛЕР

Ақпарат – бүгінгі таңдағы ең басты фактлердің жиынтығына айналды. Бұл өзіндік ерекшеліктерімен қатар, оның жазылу стилі мен ақпаратқа қолданған әртүрлі деректерді де оқырмандарын қызықтырып, олардың тындарман, оқырман тараптарынан қажеттіліктерін де ескеру керек. Осы орайда бүгінгі таңдағы ақпараттар легінің тым көп болуы немесе сол секілді басқа да қажеттіліктерді ескерсек, дәл сол сансыз ақпараттың ортасында отырған қоғамдағы адамдарға жедел әрі түсінікті болуы керек.

Әлемде интернет желісі дұрыс дамымай тұрған уақытта тек газет-журналдармен қатар, радио және телеарналарды қараса, ғаламда интернет пайда болған соң ақпарат тарату едәуір жеңілдегенін айта кетуіміз керек. Бұл әлемдегі ақпараттың таралу ауқымынан бөлек, оның өзіндік формаларының да өзгеруіне алып келді.


Ақпарат таратушылар бүгінгі ерекшеліктерін этнос арасындағы конфликтіні өртеніп жатқан үй немесе жол апатына жиі ұқсатады. Әрі ақпарат таратушы негізгі БАҚ саласының өкілдері тіпті кейбірі этнос арасындағы «өшпенділік тілінің» пайда болуына себеп болуы да мүмкін. Жоғарыда айтқан этнос арасындағы қақтығыстарды Еуропаның тарихын зерттеуші Норман Дейвис: «Тарихтағы қасіретті оқиғалардың барлығы жалпыға ортақ факторлар мен ерекше факторлардың тоғысу немесе қақтығысынан болған», -деген деректі алға тартады [3, С.208].

Конфликтінің алдын алу теориясын ұсынушылар мұндай саяси жанжалды көбіне жол апатына ұқсатқанын жоғарыда айттық. Соның салдары көбіне жүргізуші жол ережесін бұзса, көліктің техникалық ақауы бар болса, жолдың сапасы бұрыс болса апаттың ықтималдығы артады. Сол сияқты этнос арасындағы конфликті де сондай ықтималдықта жүреді.

Сол үшін де 1950 жылдардың екінші жартысынан бастап Батыс ғалымдары саяси және әлеуметтік мәселелерді шешудің басты бөлігі ретінде оның алдын алу механизмдерін түпкілікті түсіну керек деген шешімге келеді. Ағылшын ғалымы Кеннет Боулдинг алғаш рет ауа райын болжаған секілді конфликтінің де ықтималдығын болжауға болатын «құралдар» жасауды ұсынған еді. Әрине, бұл сол уақытта күлкілі болып көрінгенімен, уақыт өте келе оның маңыздылығы артып, басқа да ерекшеліктер бойынша топтастырылып, арнайы институттар өз жұмысын бастаған еді.

Ал 1974 жылы Синтия Керман «әлеуметтің температурасы мен қысымын, жылы немесе суық ағыстарының бағытын айқындап отыратын механизмдерді қалыптастыру жөнінде айтқан. Алайда конфликтіні бейбіт жолмен де шешуге болатынын дәлелдеген Махатма Ганди «сатьяграха» немесе «зомбылықсыз қарсылық, пассивті қарсылық» деп атаған еді [4, С.45]. Әрине, Гандидің бұл шешімі сол уақытта өз жерінің бостандығы үшін ғана солай істеген жоқ, ол өз елінің амандығы үшін де осындай қадамға барған еді. Кейінен бұны конфликтология саласының адамдары зерттеп, оның дәл сол салаға байланысты екендігін нақтылады. Ал Ганди үшін бұл конфликтінің шешімі емес, қарапайым өмір философиясы болған. Ал Галунгтің айтуынша, Гандидің принциптері конфликтіні шешу теорисына негіз болғаннан бөлек, сол туралы идеялардың бастауы болған деген пікір айтады [5, С.51].

Ғалымдар тобы конфликтіні кез келген қоғам өмірінде қайталанып отыратын циклді жағдай ретінде бейнелейді (1 сурет).



1-сурет. Конфликттің түрлері

Түрлі қауымдардың, мемлекеттердің және этностық топтардың арасындағы жағдай әртүрлі факторлардың қатысына қарай өзгеріп отыратындығын көрсетеді. Ең бейбіт кезең «ұзақмерзімді бейбітшілік» - АҚШ пен Ұлыбритания арасындағы келісімді мысал ретінде қарастыра аламыз. «Тұрақты бейбітшілік» - АҚШ пен Қытай арасында ұласқан тұста конфликттің алдын алу мақсатындағы шаралар қолға алынуы керек. Мұнда міндетті түрде превентивті дипломатиядан бөлек, этнос арасындағы кикілжінді шешу барысында механизмдерді пайдаланып, мәселе басталмай тұрып шеше алса, циклдік параболаның жоғары жиілігі де тым биік болмайды [6, 215 б.].

«Этносаралық қақтығыс» ұғымы этникалық қақтығыстың сырты бет-бейнесін көрсетіп, белгілі бір жағдаяттың портретін жасауға көмектеседі. Сонында, «ұлттық-этникалық қақтығыс» ұғымы ұлттық қақтығыстар мек этикалық жағын қарастыра алады. Осылайша, олардың негізгі типтері бойынша бірнеше топтарға бөлініп, топтастырылады. Атап айтар болсақ, ұлттық-этникалық, ұлттық-саяси, ұлттық-конфессиялық және т.б.

Жанжалдың дамуы бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Жанжал жағдайының кезеңі;
2. Өтпелі кезең (ықпал қақтығыстың қайта өсуі);
3. Жанжал белсенділігінің кезеңі немесе тараптардың тікелей қақтығысы;
4. Жанжалды шешу, шешім қабылдау немесе жою кезеңі [7, С.29].

Өзінің типологиясы бойынша ұлттық қақтығыс, ең алдымен, бірлескен болып саналады. Өйткені оның субъектілері белгілі бір елдің қоғамдағы әлеуметтік мәртебелерінің теңсіздігіне байланысты мүдделерді бұзудан ірі әлеуметтік топтар саналады. Бірақ, сонымен бірге бұл саяси көзқарас бойынша саяси аспектіге ие, өйткені бірде-бір ұлт саяси ұйымсыз, мемлекетсіз қалыптаса қоймағаны белгілі.

Ұлттық қақтығыстың генезисі қайшылықтарға, белгілі бір қоғамдағы болмысқа байланыстырылады. Саяси жанжал өзінің нысаны бойынша ұлттық қозғалыстардың дамуының белгілі бір кезеңінің көрінісі саналады: ирредентистік (қайта бірігу), этнолингвистикалық, көші-қонға қарсы, автономды-мистикалық және т.б.

Мақсаттарына қарай қарастыратын болсақ, олар қақтығыстың сипатына қарай әсер етеді. Бұл жағдайда реалистік немесе реалистік емес, аралас қақтығыстарды ажыратып көрсете аламыз. Нақты қақтығыстар белгілі бір мақсаттарға байланысты орындалады. Бұл жағдайды қарастырсақ, қақтығыс әрекеттері оларға жетудің құралы ғана болып қарастырылады. Бұл

жағдайда көбіне қақтығыс әрекеттерінің оларға жетуінің құралын көрсетеді. Шындыққа сай келмейтін қақтығыстардың субъектілері қақтығыстың себептерін түсінбеген кезде анық емес мақсаттарда орын алады. Сонымен қатар, жанжалдың өзі эмоционалды босатудың агрессивті әдісі екендігін де естен шығармауымыз керек. Мұндай қақтығыстарды болжау мақсаттар үшін толығымен поляризацияланған. Нақты қақтығыстардың мысалдары өте көп. Себебі, олар бір елдің ғана ішінде емес, тіпті ұлт арасындағы қақтығыстарды да естен шығармауымыз керек. Осылайша, олардың негізгі типтерін қарастыра отырып, нақты бағалай алатындығымызды көрсетеді.

Ағымның ұзақтығын ескерсек, ұлттық қақтығыстар қысқа мерзімді болып көрінуі бек мүмкін. Алайда оның негізгі мерзімі ұзақ мерзімді және аралық болып бөлінеді. Тағы бір жіктеудің сатысы ол қақтығыстың қарқындылығы, яғни қақтығыстың пайда болуы мен даму кезінде қарама-қарсы тараптардың өзара қабылдаған шешімдері. Мысалы, шетелдік қақтығыстарда келесі түрлерге қарай бөлінеді:

1. Зорлық-зомбылық қақтығыстары (нақты зорлық-зомбылық әрекеттерімен нашар басқарылады);
2. Зорлық-зомбылыққа толы қақтығыстар (кез-келген уақытта нақты зорлық-зомбылыққа айналуға дайын);
3. Потенциалды зорлық-зомбылық қақтығысы (зорлық-зомбылықтың алғышарттары бар, бірақ әлі өзін көрсетпейді) [8, С.385].

Тәсіліне қарай қақтығыстарды Лapidус былайша бөліп қарастырады:

1. Мемлекет аралық деңгейде болып жатқан қақтығыстар; Бұл мәселеде бір мемлекеттің тыныштығын бұзып, елдің шекарасына басып кіру немесе сол секілді шаралардың нәтижесінде қарастырылады. Мысалы, Қырым мәселесі үшін басталған Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстар артынша қарулы қақтығысқа ұласқан еді.

2. Ел ішінде туындайтын қақтығыстар; Ел ішінде болатын қақтығыстардың басым көпшілігі биліктегілерге қарсы наразылықтары немесе айтар уәждерінің нәтижесінде пайда болады. Оған мысал ретінде, Қырғызстанда мемлекет басшысы отыратын Ақ үйді халықтың басып алуын атап көрсете аламыз [9, С.63].

Я.Этингердің ұлттық қақтығыстарды жіктелуіне қарай келесі типтер бойынша қарастырады:

1. Бұрын бөлектенген этникалық топтардың бірігуімен болатын әрі тығыс орналасқан аумақта болған қақтығыстар;
2. Шағын этникалық топтың тәуелсіз мемлекет құру құқығын жүзеге асыруға деген ұмтылысынан туындаған қақтығыстар;
3. Депортациялаған халықтардың өздеріне тиесілі аумаққа құқықтарын қалпына келтірумен байланысты қарама-қайшылықтар;
4. Көрші мемлекеттің аумағына немесе оның бір бөлігіне негізделген қақтығыстар;
5. Ерікті территориялық өзгерістер нәтижесінде пайда болған ұлтаралық қақтығыстар [10, Р.13].

Сонымен өатар, басқа да белгіленген типологиялар бар. Олардың барлығын талдау кем дегенде, жаңарып отыратындығын ескерсек, біраз уақытты талап етуі де ғажап емес.

Жүйелі конфликтологиялық талдаудың өзін келесі көрсеткіштер бойынша топтастыра отырып, жіктей аламыз:

1. Өңірдің этнодемографиялық сипаттамалары. Атап айтқанда, жергілікті жерлерде өмір сүретін этникалық топтардың сипаттамасы бойынша жіктеп қарастыра аламыз.
2. Этносаяси жағдайдың экономикалық негізі. Яғни, басқа мемлекетте өмір сүретін этностардың барлығы да ел экономикасына тигізетін пайдасы туралы айта кеткеніміз жөн.
3. Белгілі бір мемлекет ыдырағаннан кейін халықтың этносаяси ресустарының деңгейі мен құрылымы. Одақтас мемлекеттердің қарамағында болған мемлекеттің ыдырағаннан соң, белгілі бір деңгейде өз тілі мен дінін, дәстүрі мен ділін сақтап қалуын атаймыз [11, р.30].

БАҚ көптен бері қоғамдық пікірді қалыптастырудың негізгі құралы айналды. Олардың басым көпшілігі дайын шаблондағы ақпараттарды таратып үйреніп қалғандықтан оларда жаңалықтың

құндылығы туралы аса мән бере бермейтіні тағы бар [12, р.108]. БАҚ арқылы алынған ақпараттың жұмыс қабілеттілігімен, ұтқырлығымен, қол жетімділігімен ерекшеле-нетінін ескерсек, олардың тағы бір фактілерді фотография арқылы беретіндігі оқырман санасына оқиғаны айқындауға күш салады. Осыған байланысты кей фотографтар суретті өңдеп беруі де мүмкін. Алайда осы орайда ескеретін маңызды мәселелердің бар екендігін ескеруіміз керек. Баспасөз құралдары кез-кезлен саяси процеске жүзеге асыру барысында оның халықтың әр тобы мен этностары да оқиындықтарын ескеруі керек. Әрі сол арқылы этносқа байланысты өшпенділік тілінің пайда болуына себепші болмауы керек. Екіншіден ақпаратты тарату барысында оның өзіндік ерекшеліктерін де барын есере кертiмiз керек. Себебі олар тіпті басылған қақтығысты ары қарай өршітіп жіберуі де мүмкін екендігін естен шығармауымыз керек.

1978 жылы қабылданған ЮНЕСКО-ның БАҚ-тың бейбітшілік пен халықаралық өзара түсіністікті нығайтуға қосқан үлесі туралы декларациясы мыналарға міндеттеледі: «Ақпарат құралдары мәдениет пен бейбітшілікті туралы мәліметтерді тарата отырып, олардың арасындағы надамндық пен түсінбеушілікті жоюға, барлық ұлттың, баршасының құқықтары мен қадір-қасиеттерін құрметтеуді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне немесе ұлтына қарамастан халықтар мен барлық адамдар тең» [13, С.67].

Қазақстандық баспасөз құралдарындағы негізгі қасиеттерді қарастыра отырып, ақпарат тараудың негізгі ерекшеліктерін қарастыру керек екендігін байқадық. Бұл өз кезегінде кез келген деректің жанрлық сипатына да баса назар аудартады. Әрине, оған себеп те жоқ емес. Ең бірінші кезекте ақпаратты беру барысында баса назар аудартатын ол әрине этикалық тұрғысынан ақпараттың дұрыс берілуі немесе медиаэтика бойынша стандарттардың сақталуы. Оны көп адамдар елеп ескере бермейтінін ескерсек, қазіргі уақытта журналистердің басым көпшілігі қаралым немесе даулы мәселелерді қарастырағанда өздерінің азаматтық борышынан бөлек басқа да ерекшеліктерін бірінші орынға қоймай, қаралым мен оқырмандарын алдаусырату тәсілдеріне көп барады.

Қазақ тілді басылымдардың өзінің ішінде арадықты немесе өшпенділік тілін қарастыруда ерекше назар аударатын негізгі қасиеттерінің бар екендігін көрсетеді. Алайда, оның шешу жолдары тек аудиторияға байланысты. Себебі, аудиторияның өзі дәл сондай талап қойып, ерекшеліктерді ажырата алса, баспасөз құралдары оқырмандарының алдында сапалы контент жасауға ұсынылатын еді. Осылайша журналистердің де қоғам алдындағы жауапкершілігінің артуына күш салатын едік. Бұл өз кезегінде басқа да сала мамандарына өзіндік ойы мен пікірін қалыптастуға ат салысатын еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, этнос аралық мәселелерді жариялау барысында көбіне БАҚ өкілдері журналистика жанрларының қатарындағы ақпараттық типке иек артады. Бұл нақты мәселені қысқа және нұсқа түсінуімен қарастырлатын болса да, оның басқа да себептері мен салдарын толық ашып көрсетіп, сарапатама жасай алмайды. Бұл өз кезегінде ақпарат таратудың өзіндік бір сипаты ғана емес, сонымен қатар, оқырман тарапынан дұрыс түсінбеушіліктер де орын алуы бек мүмкін. Ақпараттық сала – тек факт пен оқиғаға сүйенген негізгі дерек. Соны қысқа әрі нұсқа беру немесе ақпараттық жанрдағы мақалалардың негізгі қасиеттерінен бөлек, басқа да ерекшеліктерін қарастыра алсақ, оқырман мен көрерменді жарияланып отырған мақалаға қызықтырады.

Этносы көп мемлекет үшін этникалық мәселелерді жариялау – нәзік ұғым. Себебі, әр оқырман тарапынан белгілі бір этносқа өшпенділік тілі немесе оған қарсы бағытта ой қалыптаспауы керек. Осы үшін де БАҚ өкілдерінде этникалық мәселелерді жариялауда өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, оның журналистикамен байланысы бар екенін және қоғам тарапынан сол арқылы көзқарас қалыптасатынын да ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер:

1 Авксентьев В.А. Этническая конфликтология: в поисках научно парадигмы / В.А. Авксентьев. – Ставрополь. – 2001. – 267 с.

- 2 Авксентьев В.А. Этнические конфликты: история и типология / В.А. Авксентьев // Социологические исследования. - 1996. - №12. - С. 43-49.
- 3 Аклаев А. Р. Этнополитическая конфликтология: Анализ и менеджмент / А.Р. Аклаев. - М.: Дело, 2005. - 472 с.
- 4 Дробижеева Л.М. Идентичность и этнические установки русских в своей и иноэтнической среде / Л.М. Дробижеева // Социологические исследования. - 2010. - №12. - С.49-58.
- 5 Малькова В.К. Пресса как фактор формирования этнической идентичности. // Конфликтная этничность и этнические конфликты. - 1994. - №4 - 34 с.
- 6 Мельник Г.С. Mass-media: психологические процессы и эффекты/ Г.С. Мельник. - СПб. : Изд-во Санкт-Петербургского университета, 1996. - 160 с.
- 7 Мусаев А.И. К вопросу о роли информационного фактора в этнополитическом конфликте / А.И. Мусаев - М.: Конфликтология, 2015. - 212-218 С.
- 8 Пересветов В. Журналистика. Секреты успеха / В. Пересветов - СПб.: Тровант, 2009. - 29 С.
- 9 Релжич Д. Средства массовой информации и трансформация этнополитических конфликтов / Д. Релжич. – М.: Наука, 2007. – с. 373-390.
- 10 Степанов Е.И. Конфликтология переходного периода: Методологические, теоретические, технологические проблемы. / Е.И. Степанов - М.: Институт социологии РАН, 1996. – 143 с.
- 11 Hannum H. The Specter of Secession. Responding to Claims for Ethnic Self-Determination / H.Hannum // Foreign Affairs. – 1998. – Vol. 77 – p.13.
- 12 Posen B. The Security Dilemma and Ethic Conflict / B. Posen // Survival. – 1993. – №1 – pp 27-47.
- 13 Tishkov V. A. Ethnicity, Nationalism and Conflict in and after the Soviet Union: the Mind Aflame / V. A. Tishkov. - London. – 1997. – 334 p.

References:

- 1 Avksentev V.A. Etnicheskaya konfliktologiya: v poiskah nauchno paradigmy / V.A. Avksent'ev. – Stavropol'. – 2001. – 267 s.
- 2 Avksent'ev V.A. Etnicheskie konflikty: istoriya i tipologiya / V.A. Avksent'ev // Sociologicheskie issledovaniya. – 1996. – №12. – S. 43-49.
- 3 Aklaev A. R. Etnopoliticheskaya konfliktologiya: Analiz i menedzhment / A.R. Aklaev. - M.: Delo. – 2005. – 472 s.
- 4 Drobizheva L.M. Identichnost' i etnicheskie ustanovki russkih v svoej i inoetnicheskoj srede / L.M. Drobizheva // Sociologicheskie issledovaniya. – 2010. – №12. – S.49-58.
- 5 Malkova V.K. Pressa kak faktor formirovaniya etnicheskoj identichnosti. // Konfliktnaya etnichnost' i etnicheskie konflikty. – 1994. – №4. – 34 s.
- 6 Mel'nik G.S. Mass-media: psihologicheskie processy i efekty/ G.S. Mel'nik. - SPb. : Izd-vo Sankt-Peterburgskogo universiteta. – 1996. – 160 s.
- 7 Musaev A.I. K voprosu o roli informacionnogo faktora v etnopoliticheskom konflikte / A.I. Musaev - M.: Konfliktologiya. – 2015. – 212-218 С.
- 8 Peresvetov V. Zhurnalistika. Sekrety uspekha / V. Peresvetov - SPb.: Trovant, 2009. - 29 С.
- 9 Relzhich D. Sredstva massovoj informacii i transformaciya etnopoliticheskikh konfliktov / D. Relzhich. – М.: Nauka. – 2007. – с. 373-390.
- 10 Stepanov E.I. Konfliktologiya perekhodnogo perioda: Metodologicheskie, teoreticheskie, tekhnologicheskie problemy. / E.I. Stepanov. – М.: Institut sociologii RAN. – 1996. – 143 с.
- 11 Hannum H. The Specter of Secession. Responding to Claims for Ethnic Self-Determination [Text] / H. Hannum // Foreign Affairs. – 1998. – Vol. 77 – p.13.
- 12 Posen B. The Security Dilemma and Ethic Conflict / B. Posen // Survival. – 1993. – №1 – pp 27-47.
- 13 Tishkov V. A. Ethnicity, Nationalism and Conflict in and after the Soviet Union: the Mind Aflame / V. A. Tishkov. - London. – 1997. – 334 p.